



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11  
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№  
22.04.2022 № 2 ге

**Тұрақты комиссияның  
2022 жылғы 22 сәуірдегі  
қаулысы**

**Энергия үнемдеу және  
энергия тиімділігін  
арттырудың кешенді  
жоспарын іске асыру  
барысы, инновациялық  
технологияларды енгізу  
перспективалары туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың кешенді жоспарын іске асыру барысы, инновациялық технологияларды енгізу перспективалары туралы ақпаратты тыңдап және талқылап төмендегіні атап өтті.

Астана қаласының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың 2017-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру қорытындылары бойынша бекітілген 189 іс-шарадан 19 іс-шара мекеменің қайта құрылуына байланысты алынып тасталды, 20 іс-шара қаржыландырудың болмауына байланысты іске асырылмады, 20 іс-шара орындалмады. Баяндалғанды ескере отырып, Кешенді жоспардың 89,3% - ы орындалды деп тұжырымдалады.

Энергетика секторында жоспарланған 63 іс-шараның 55-і іске асырылды, негізгі және қосалқы жабдықтардың сенімділігін қолдауға бағытталған неғұрлым басым іс-шаралардың пайдасына коммуналдық қызметтердің инвестициялық бағдарламасының қысқаруына байланысты 8 іс-шара іске асырылмады.

Тұрғын үй секторында Кешенді жоспардың 15 іс-шарасының 1-і орындалмаған. Орындалмау себебі - жергілікті бюджеттен қаржыландырудың болмауы.

«Нұр-Сұлтан қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы» ММ қайта құрылуы және тұрғын үй қорын басқару жөніндегі функциялардың қысқартылуы салдарынан 6 пункт алынып тасталды.

Көлік секторында іс-шаралар толығымен жүзеге асырылды.

Бюджеттік секторда жоспарланған 66 іс-шараның 5-і қаржыландырудың болмауына байланысты іске асырылмаған, 18 іс-шара орындалмаған.

Басқа секторда 24 іс-шара салынған. «Астана Тазарту» ЖШС және «Астана Экополигон НС» ШЖҚ МКҚК таратылуына байланысты аталған ұйымдарға бекітілген 13 іс-шара кешенді жоспардан орындаудан алынып тасталды.

Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы 2 іс-шараны орындамаған.

Энергия үнемдеуді насихаттауға бағытталған іс-шаралар шеңберінде 7 іс-шараның 6-ы іске асырылды. Білім басқармасы елорданың оқу орындарында (мектептерде, колледждерде) энергия үнемдеу бойынша дәрістер, сынып сағаттарын өткізу бойынша іс-шараларды орындамаған.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жобалары бойынша «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ-на бекітілген 3 пункт орындалған.

Дүниежүзілік Банктің «Астана қаласында энергия тиімділігін трансформациялау», «ESMAP» жобасы шеңберінде техникалық көмек көрсету бойынша 6 іс-шараның ішінде қала әкімінің аппараты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп «TRACE» жүйесін енгізу және жүргізу бойынша іске асыруды жоспарлаған іс-шара орындалмаған. Қаржыландыру болмағандықтан жоба іске асырылмаған.

Мемлекеттік энергетикалық тізілім бойынша барлық іс-шаралар орындалған. Талдау МЭТ-ге енгізілетін ақпаратты толық ұсынған МЭТ-нің 284 субъектісі бойынша жүргізілді.

Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде 12 700 тоннадан астам шартты отынды (шамамен 35 мегаватт/сағ) үнемдеуге қол жеткізілді. (100 тонна шартты отын 1 вагон көмірдің жағылатын энергиясына тең).

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың кешенді жоспарын іске асыру барысы, инновациялық технологияларды енгізу перспективалары туралы ақпарат назарға алынсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» ММ, «Нұр-Сұлтан қаласының

Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» ММ Астана қаласының энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың 2017-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарының толық орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ-мен бірлесіп, Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің «Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ ақпарат беруін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жергілікті атқарушы органдардың жылына энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы кемінде бір МЖӨ жобасын іске асыруы жөнінде 46-тармағын орындау бойынша шаралар қабылдау;

«Жасыл» экономика саласының мамандармен қамтамасыз етілуіне талдау жасау және алдағы кезеңге әзірленіп жатқан кешенді жоспар жобасына оларды дайындауды енгізу;

дамыған елдердің баламалы энергетикасын талдауды негізге ала отырып, энергия үнемдеумен және энергия тиімділігін арттырумен қатар баламалы энергия көздерін пайдалануға қатысты ұсыныстар дайындау;

кешенді жоспардың жобасына энергия үнемдеуді және энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету бөлігінде мемлекеттік органдардың қызметін бағалау жөнінде ұсыныстар енгізу;

энергия үнемдеу саласында республикада бар тәжірибе мен практикалық әзірлемелерді пайдалану бойынша ұсыныстар енгізу;

жеке тұлғалар, ұйымдар үшін электр энергиясын, оның ішінде мемлекетке сату мүмкіндігін қамтамасыз ету бөлігінде «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Заңға өзгерістер енгізуге бастамашылық жасау;

субъектілердің Мемлекеттік энергетикалық тізілімге енгізілетін ақпаратты толық ұсынуы бойынша бақылауды күшейту;


«Электр энергетикасын дамыту және энергия үнемдеу институты» АҚ-мен бірлесіп энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру жөніндегі Жол картасын әзірлеу мәселесін пысықтау, жаңартылған энергия көздері және баламалы энергия көздерін пайдалану мүмкіндігін ескеру;

алдағы кезеңге арналған кешенді жоспар жобасында халық арасында, оқу орындарында сынып сағаттары, дәрістер өткізу арқылы энергия үнемдеу жөніндегі ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді көздеу;

ағымдағы жылғы 16 мамырға дейінгі мерзімде 2022-2024 жылдарға арналған энергия үнемдеу жөніндегі Жол картасының жобасын әзірлеу және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне келісуге жолдау ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуы бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде беру қамтамасыз етілсін.

**Қала мәслихатының құрылыс, экология,  
көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық мәселелері жөніндегі  
тұрақты комиссиясының  
төрағасы**



**Б. Котырев**